

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 22 маусымдағы N 315 және Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігінің 1999 жылғы 22 маусымдағы N 1 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 448 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 18 қазандағы N 0-1/170 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 17 қарашада N 1286 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 18 қаңтардағы N 12 және Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2010 жылғы 19 қаңтардағы N 11 Бірлескен бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.01.18 N 12 және ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2010.01.19 N 11 Бірлескен бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардағы жазылу жүргізілетін бонустардың мөлшерлерін белгілеудің тәртібі туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 22 маусымдағы N 315 және Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігінің 1999 жылғы 22 маусымдағы N 1 бұйрығын V990827_ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 96-1-бабына сәйкес келтіру мақсатында БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардағы жазылу жүргізілетін бонустардың мөлшерлерін белгілеудің тәртібі туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 22 маусымдағы N 315 және Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігінің 1999 жылғы 22 маусымдағы N 1 V990827_ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

а т а у ы н д а ж әне 1 - т а р м а қ т а :

"жазылу жүргізілетін бонустардың мөлшерлерін" деген сөздер "жазылу жүргізілетін бонустың мөлшерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жер қойнауын пайдалануға" деген сөздерден кейін "(барлау, бірлескен барлау және өңдеу жүргізуге, сондай-ақ көп кездесетін пайдалы қазбаларды

қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіруге)" деген сөздермен толықтырылсын;
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардағы жазылу жүргізілетін бонустардың мөлшерлерін белгілеудің тәртібі туралы ережелерде:
атауында және 1 - тармақта:

"жазылу жүргізілетін бонустардың мөлшерлерін" деген сөздер "жазылу жүргізілетін бонустың мөлшерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жер қойнауын пайдалануға" деген сөздерден кейін "(барлау, бірлескен барлау және өңдеу жүргізуге, сондай-ақ көп кездесетін пайдалы қазбаларды қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіруге)" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Жарлығының" деген сөздер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - тармақта:

"бастапқы мөлшерді" деген сөздер "бастапқы мөлшерді ескере отырып, бірақ одан төмен емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және" деген сөзден кейін "учаскесін (блогын) жер қойнауын пайдалану үшін берілетін" деген сөздермен толықтырылсын;

4.1-тармақ мынадай мазмұндағы б) тармақшасымен толықтырылсын:

"б) жер асты суларына арналған келісім-шарттар үшін жазылу бонусының ең аз мөлшері 200 (екі жүз) АҚШ долларынан төмен болмауы тиіс.";

4 . 2 - тармақта:

а) тармақшасының алтыншы абзацындағы "күтіліп отырған, болжанып отырған қорлардың және С2 санаты қорларының" деген сөздер "санаттар бойынша күтіліп отырған (болжанып отырған) жиынтық қорлардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы б) тармақшасымен толықтырылсын:

"б) жер асты суларына арналған келісім-шарттар үшін жазылу бонусының ең аз мөлшері 400 (төрт жүз) АҚШ долларынан төмен болмауы тиіс.";

4 . 3 - тармақта:

а) тармақшасында:

бірінші абзацтағы "мен көп кездесетін пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарттар" деген сөздер "көп кездесетін пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарттарды қоспағанда," деген сөздермен ауыстырылып "тау-кен келісім-шарттары" деген сөздердің алдынан жазылсын;

төртінші абзацтағы "қолданылатын проценттік мағына 0,01%-тен төмен емес" деген сөздер "ең аз мөлшері 0,01%-ті құрайтын проценттік мағына" деген

с о з д е р м е н

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

ә) тармақшасының төртінші абзацындағы "қолданылатын проценттік мағына 0,02%-тен төмен емес" деген сөздер "ең аз мөлшері 0,02%-ті құрайтын проценттік мағына" деген сөздермен ауыстырылсын; 4.4-тармақтағы "Техногендік пайда болуларды" деген сөздердің алдынан "Жер асты суларын өндіруге және" деген сөздермен толықтырылсын; 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "5. Осы Ережелерге сәйкес есептелген жазылу жүргізілетін бонустың мөлшері келіссөздер барысында қайта қаралуы мүмкін, бірақ белгіленген бастапқы мөлшерден төмен болмауы тиіс.". 2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді. Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Инвестициялар жөніндегі агенттігінің Төрағасы Мамандар: Омарбекова А.Т. Икебаева А.Ж.